e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 30.07.2020
Сақтау күні 29.03.2024
Дата редакции 30.07.2020
Дата скачивания 29.03.2024

Өскемен қаласының мәслихаты

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 2019 жылғы 25 қазандағы № 49/5-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 6 қарашада № 6258 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 2020 жылғы 30 шілдедегі № 59/3-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Маслихат г. Усть-Каменогорска

Өскемен қалалық мәслихатының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 2/3-VI «Өскемен қаласында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күші жойылған

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 30.07.2020 № 59/3-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес Өскемен қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Өскемен қалалық мәслихатының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 2/3-VI «Өскемен қаласында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 4482 нөмірімен тіркелген,

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код
ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2016 жылғы 25 сәуірде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасының 2 тармағы келесі редакцияда жазылсын:

«2. Митингілер және жиналыстар өткізілетін орындар: Республика алаңы, Амфитеатр, «Металлург» саябағы, «Восток» стадионының қосалқы алаңы, «Экодом» ауданындағы Комсомол аралының алаңы, Горький көшесі, 11А әкімшілік ғимаратының алдындағы алаң (Меновное ауылы).».

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы **О. Тлеукенов**

Қалалық мәслихаттың хатшысы **А. Светаш**

Күші жойылған